

# Ұлт батыры ұлықталды

Ұлт азаттық көтерілісінің батыры, «құралайды көзге атқан» мерген Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлының қилы тағдырын арқау еткен «Кейкі батыр» атты тың туынды жарық көрді.

Балгілі өлкетанушы, қолөнер шебері Шәгітбай БАЙДІЛДИННИҢ бұл еңбегінде бұрын баспасөз бетінде жарияланбаған даңқты қолбасшы Кейкі Көкембайұлының сан қилы тағдыры сөз болады. Кітапқа батырдың замандастары мен көзін көрген қарттардан естіген әңгімелер, сол кезеңдегі Торғай өлкесінің тыныс-тіршілігі, Ұлытау мен Ұлы Жыланшық аймағынан жиналған материалдар мен фотосуреттер енген.

«Кейкі батыр жайлы кітап жазуды сонау 1963 жылдан бері армандаған едім. Өйткені, ең біріншіден мен сол Кейкі батыр туған өңірде өстім, сол елдің азаматымын. Екіншіден, Кейкінің көзін көрген, батырмен дәмдес болған

қариялармен жиырма жылдан астам аралас-қуралас болдым, сан рет әңгіме-дүкен құрғанмын. Кейкі жайлы ел аулынан жинастырған мағлұматтар елу жылдың еңбегі. Сондықтан да Кейкі жайлы өз қал-қадірімше ой толғаймын. Оқырман керетін алар, артық-көмін өлшер», - дейді автор.

Шәгітбай БАЙДІЛДИННИҢ бұл алғашқы кітабы емес. Автордың бұған дейін «Ою ой, өрнек сал», «Оюмен ой айтқан елші», «Саналы ғұмырымдағы саналы ойларым» кітаптары жарық көрген. «Қостанай облысы, Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі», «Күшпә сырлы өлке - Арқалық» кітаптарының мәтінін жазып, Шіменбай ӘЛШОРИННИҢ «Мұхиттан өткен қайық» кітабын жинақтаушы автор. Арқалық қаласының құрметті азаматы.

Айтпа кетейік, Кейкі батырды 1923 жылы қызыл әскер жауынгерлері өлтірген. Содан кейін бас сүйегі кунсткамераға жөнелтілген. Санкт-Петербург қаласындағы



кунсткамерада 93 жыл бойы сақталып келген Кейкі батырдың бас сүйегі елімізге өткен жылы қайтарылған болатын. Осыдан кейін арнайы құрылған мемлекеттік комиссия Кейкі батырдың сүйегін оның туған жері - Қостанай облысы Амангелді ауданының Тасты ауылында жерлеу туралы шешім қабылдады. Қазіргі уақытта батырға арналып салынып жатқан еңселі кесененің құрылысы аяқталуға жақын. Батырды ұлықтау шаралары қыркүйек айына жоспарланып отыр.